

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ СӨТ КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
СӨТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ**

**2024-2025 оқу жылына
«7М042 – Құқық» кадрларды даярлау бағытының
«7М04201 – Сөт және сөт төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша
Қорытынды аттестаттаудың кешенді емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана қ., 2025

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі – Академия) «7М042 – Құқық» кадрларды даярлау бағытының «7М04201 – Сот және сот төрелігі» жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша Қорытынды аттестаттаудың кешенді емтиханының бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы «19» қарашадағы № 1-8/56 өкімімен бекітілген Академиядағы оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес әзірленді.

Академияның оқуға 2024 жылы түскен түлектерінің кәсіптік заң қызметін жүзеге асыру үшін қажетті оқу пәндерін меңгеру және практикадан (тағылымдамадан) өту барысында кәсіби және жеке құзыреттерінің болуын тексеруге бағытталған қорытынды аттестациясы кешенді емтихан нысанында өткізіледі.

Кешенді емтихан компьютерде орындалады және келесі оқу пәндерінен сот ісін жүргізудің төрт нысаны бойынша аралас кейсті шешуді көздейді:

- 1) «Азаматтық заңнаманы қолдану практикасы»;
- 2) «Азаматтық-процестік заңнама нормаларын қолдану»;
- 3) «Қылмыстық заңнаманы қолдану практикасы»;
- 4) «Қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолдану»;
- 5) «Әкімшілік-деликтік заңнаманы қолдану практикасы»;
- 6) «Әкімшілік заңнаманы қолдану практикасы».

Кешенді емтиханға арналған кейстер Бағдарлама мазмұнына сәйкес, кешенді емтихан тапсыру сәтінде қолданыстағы заңнаманың жай-күйін ескере отырып әзірленеді.

Бағдарламаны құрастырушылар: «Азаматтық-құқықтық пәндер», «Қылмыстық-құқықтық пәндер» және «Мемлекеттік-құқықтық пәндер» ғылыми-білім беру орталықтары.

***Оқу-әдістемелік кеңес отырысында қаралды
2025 ж. 24 қаңтардағы № 6 хаттама***

***Ғылыми кеңестің кезекті отырысында қаралды және бекітілді
2025 ж. 30 қаңтардағы № 6 хаттама***

Мазмұны

1-бөлім	Азаматтық заңнаманы қолдану практикасы	4
2-бөлім	Азаматтық-процестік заңнама нормаларын қолдану	14
3-бөлім	Қылмыстық заңнаманы қолдану практикасы	22
4-бөлім	Қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолдану	33
5-бөлім	Әкімшілік-деликтік заңнаманы қолдану практикасы	46
6-бөлім	Әкімшілік заңнаманы қолдану практикасы	53

1-БӨЛІМ. «Азаматтық заңнаманы қолдану практикасы»

Мазмұны

- 1-тақырып. Азаматтық құқық саласы ретінде
- 2-тақырып. Азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары
- 3-тақырып. Азаматтық құқықтың қайнар көздерін жүйелеу
- 4-тақырып. Азаматтық құқықтағы презумпциялар және бағалаушы категориялар
- 5-тақырып. Азаматтық құқықтық қатынастар ұғымы және ерекшеліктері
- 6-тақырып. Азаматтық құқықтың жекелеген субъектілерінің құқықтық жағдайының өзекті мәселелері
- 7-тақырып. Азаматтық құқық объектілерінің құқықтық режимінің мәселелері
- 8-тақырып. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау мәселелері. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік
- 9-тақырып. Мәмілелер: теориялық-құқықтық аспект
- 10-тақырып. Азаматтық құқықтағы мерзімдер
- 11-тақырып. Заттық құқықтың өзекті мәселелері
- 12-тақырып. Міндеттемелік құқықтың өзекті мәселелері
- 13-тақырып. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мәселелері
- 14-тақырып. Міндеттемедегі тұлғалардың ауыстырылуы
- 15-тақырып. Сатып алу-сату туралы жалпы ережелерді қолдану
- 16-тақырып. Тауарларды бөлшек сатып алу-сату және тауар жеткізілімі туралы нормаларды қолданудың өзекті мәселелері
- 17-тақырып. Жалға алу құқықтық қатынастарын азаматтық-құқықтық реттеу
- 18-тақырып. Мердігерлік туралы нормаларды қолданудың өзекті мәселелері
- 19-тақырып. Делдалдық шарттардың өзекті мәселелері
- 20-тақырып. Мұрагерлік құқықтың өзекті мәселелері
- 21-тақырып. Зияткерлік меншік құқығының өзекті мәселелері
- 22-тақырып. Жер және экологиялық қатынастарда азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану ерекшеліктері
- 23-тақырып. Неке-отбасы қатынастарында азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану ерекшеліктері
- 24-тақырып. Еңбек қатынастарында азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану ерекшеліктері

1-тақырып. Азаматтық құқық саласы ретінде

Азаматтық-құқықтық саланың жүйе құраушы белгілерінің мәні. Азаматтық құқықтың құқық жүйесіндегі орны. Азаматтық құқық және басқа да құқықтық салалар: бірлік және дифференциация (саралау), конвергенция мәселелері. Азаматтық-құқықтық реттеудің мәні. Азаматтық-құқықтық реттеу механизмі. Азаматтық құқық нысанындағы ұйымдастырушылық, корпоративтік және мүліктік емес қатынастар. Азаматтық құқық жүйесі және азаматтық заңнама жүйесі. Азаматтық құқықтың ішкі салалық және салааралық байланыстары.

2-тақырып. Азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары

Азаматтық іс бойынша дәлелдеуді күшейту үшін азаматтық құқықтың нормалар-қағидаттарын пайдалану. Жеке мүліктік және мүліктік емес қатынастарды құқықтық реттеудің бірлігі қағидаты. Азаматтық-құқықтық реттеудің диспозитивтік қағидаты. Азаматтық құқықтық қатынастары қатысушылардың теңдігі қағидаты. Азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасау қағидаты. Азаматтық сот ісін жүргізуде азаматтық заңнама қағидаттарын іске асырудың негізгі мәселелері.

3-тақырып. Азаматтық құқықтың қайнар көздерін жүйелеу

Азаматтық заңнаманы дамыту тұжырымдамасы. Азаматтық құқықтың қайнар көздерінің жүйесі. ҚР Азаматтық кодексінің азаматтық құқықтың қайнар көздері жүйесіндегі орны. Халықаралық-құқықтық актілер азаматтық құқықтың қайнар көзі ретінде. Іскерлік айналымның әдет-ғұрыптары және басқа да құқықтық әдет-ғұрыптар: өзара байланысу мәселелері. Сотта іскерлік айналымдағы әдет-ғұрыптарды дәлелдеу мәселесі. Азаматтық қатынастарды құқықтық реттеу тетігіндегі сот практикасы. Азаматтық заңнаманың уақыттағы, кеңістіктегі және тұлғалар шеңберіндегі әрекеті. Азаматтық заңнаманы қолдану. Заң ұқсастығы және құқық ұқсастығы.

4-тақырып. Азаматтық құқықтағы болжамдар (презумпциялар) және бағалау категориялары

Азаматтық құқықтағы болжамдар: түсінігі, белгілері, түрлері. Азаматтық құқықтағы бағалау категориялары: түсінігі, белгілері және ерекшеліктері. Азаматтық істерді қарау кезіндегі сот қызметіндегі бағалау ұғымдарының мәні. Бағалау ұғымдарының жіктелуі. Парасаттылық азаматтық құқықтың бағалау ұғымы ретінде. Елеулі мән азаматтық құқықтағы бағалау ұғымы ретінде. Адалдық азаматтық құқықтағы бағалау ұғымы ретінде.

5-тақырып. Азаматтық құқықтық қатынастар ұғымы және ерекшеліктері

Азаматтық құқықтық қатынастардың жіктелуі. Азаматтық құқықтық қатынастардың элементтері. Субъективті азаматтық құқықтың және субъективті азаматтық міндеттің құрылымы. Мүліктік және мүліктік емес құқықтар. Субъективті азаматтық құқықты теріс пайдалану мәселесі. Азаматтық құқық субъектілерін дараландыру құралдарының жалпы жүйесі. Өкілдік туралы азаматтық-құқықтық ілім. Өкілдіктің шектеулері (шектері). Сенімхат ұғымы және табиғаты.

Құқықтық фактілер азаматтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негізі ретінде.

6-тақырып. Азаматтық құқықтың жекелеген субъектілерінің құқықтық жағдайының өзекті мәселелері

Қазіргі заманғы азаматтық заңнама тұрғысынан жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесі (жеке тұлғалардың құқық қабілеттілігі ұғымы және оның негізгі сипаттамалары). Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің мазмұны. Азаматтық хал актілері: ұғымы, түрлері және олардың азаматтық-құқықтық мәні. Азаматтарға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін, сондай-ақ соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдерін қолданудың негіздері мен қағидаттары. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы процедурасы мен салдары.

Занды тұлғаның мәні, белгілері. Занды тұлғаның құқық қабілеттілігі. Занды тұлғаларды дараландыру құралдары. Занды тұлғаларды заңнамалық жіктеу мәселелері. Занды тұлғалардың бірлестіктері. Занды тұлға органының құқықтық табиғаты. Занды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері. Занды тұлғаны қайта құру жолымен тоқтату. Тарату жолымен занды тұлғаның қызметін тоқтату. Дәрменсіздігіне (банкроттығына) байланысты занды тұлғаның тоқтатылуы. Занды тұлғалар меншігінің құқықтық режимінің мәселелері. Занды тұлғалар актілерінің құқықтық табиғаты.

Азаматтың кәсіпкерлік қызметі. Дара кәсіпкердің дәрменсіздігі (банкроттығы). Азаматтың банкроттығын енгізудің мүмкіндігі мен құқықтық салдары және оның азаматтық-құқықтық салдары.

Қорғаншылық және қамқоршылық жетіспейтін әрекет қабілеттіліктің орнын толтыру тәсілі ретінде. Кәмелетке толған қабілетті азаматтарға патронаж. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану және оны қайтыс болды деп жариялау: азаматтық-құқықтық салдары. Тәлімгерлік жөніндегі ұйымның құқықтық мәртебесі.

7-тақырып. Азаматтық құқық объектілерінің құқықтық режимінің мәселелері

Азаматтық құқықтар объектілерінің теориясы мен практикасы мәселелері. Азаматтық құқықтардың объектілері және азаматтық құқықтық қатынастар: ұғымдардың арақатынасы мәселелері. Заттар ұғымы және жіктелуі. Жылжымайтын мүлік және оның азаматтық-құқықтық мәні. Мүліктік кешендер заттардың ерекше түрі ретінде. Бағалы қағаздардың түсінігі мен белгілері. Жұмыстар мен қызметтер азаматтық құқық объектілері ретінде. Мүліктік емес қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің өзекті мәселелері.

8-тақырып. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау мәселелері. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік

Азаматтық құқықтық қатынастарда субъективті азаматтық құқықты жүзеге асыру және заңды міндеттерді орындау. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің міндеттері. Өкіл арқылы құқықтарды жүзеге асыру және міндеттерді орындау. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру шектері. Субъективті азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау мерзімдері туралы ілім. Азаматтық құқықты қорғаудың нысандары мен әдістері. Моральдық зиянды өтеу ұғымы және негіздері. Моральдық зиянның мөлшерін анықтау. Азаматтық-құқықтық қорғау объектілері ретінде ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік бедел ұғымы. Келтірілген залалдың орнын толтыру, айыптарды өндіріп алу, моральдық зиянды өтеу мәселелері. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мәні, оны заңды жауапкершілігінің өзге түрлерінен ажырату. Азаматтық құқық бұзушылық құрамының мәселелері. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босату негіздері.

9-тақырып. Мәмілелер: теориялық-құқықтық аспект

Азаматтық құқықтағы мәмілелер: теориялық және практикалық аспектілер (Мәміле ұғымы. Мәмілелердің элементтері мен нысандары. Мәміленің негіздемесі: түсінігі және құқықтық мәні. Мәмілелердің қолданыстағы заңнама бойынша жіктелуі). Азаматтық-құқықтық мәмілелердің жарамдылығының жалпы шарттары. Мәмілелердің жарамсыздығы: ұғымы, мәні және түрлері. Мәмілелерді жарамсыз деп танудың салдары. Реституция. Тәркілеу. Нақты залалды өтеу. Мәміленің бір бөлігінің жарамсыздығының салдары. Жарамсыз мәмілелер бойынша талап қою мерзімдері. Мәмілелерді мемлекеттік тіркеу. Мәміледегі жаңылысудың құқықтық табиғаты және мәні. Мәміле жасауға алдын ала келісімнің құқықтық табиғаты және құқық қолдану мәні.

10-тақырып. Азаматтық құқықтағы мерзімдер

Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігі мен маңызы. Мерзімдерді есептеу тәртібі. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түрлері. Заңмен, шартпен және сот белгілеген мерзімдер. Императивті және диспозитивті мерзімдер. Құқықтыңдатушы, құқықозгертуші және құқыққасқартушы мерзімдер. Нақты белгіленген, салыстырмалы түрде анықталған және белгіленбеген мерзімдер. Жалпы және арнайы мерзімдер. Қызметтік мерзімдер. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және міндеттерді орындау мерзімдері. Бұзылмаған жағдайда құқықты қолдану мерзімі. Тыюшы (преклюзивті) мерзімдер. Азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдері. Претензиялық мерзімдері. Ескіру (талап қою) мерзімінің ұғымы мен маңызы. Ескірудің (талап қоюдың) жалпы және арнайы мерзімдері. Ескіру (талап қою) мерзімін қолдану. Ескіру (талап қою) мерзімінің басталуы. Ескіру (талап қою) мерзімінің өтуін тоқтата тұру, үзіліс жасау және қалпына келтіру. Ескіру (талап қою) мерзімінің өтуінің салдары. Ескіру (талап қою) мерзімі қолданылмайтын талаптар.

11-тақырып. Заттық құқықтың өзекті мәселелері

Азаматтық-құқықтық саланың бөлігі ретінде заттық құқық жүйесі. Заттық және міндеттілік құқықтардың бәсекелестігі. Заттық құқықтарды жіктеу мәселелері. Заттық құқық мазмұнының мәселесі. Иелену субъективті құқық және нақты жағдай ретінде. Адал және адал емес иелену мәселесі. Меншік құқығын алу және тоқтату мәселелері. Өз бетімен

салынған құрылыстың құқықтық режим мәселесі. Иелену мерзімінің мәселелері.

Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау мәселелері. Меншік пен меншік құқығының арақатынасы. Меншік иесінің қалауы бойынша меншік құқығын тоқтату негіздері. Меншік иесінен мүлікті мәжбүрлеп алып қою жағдайлары мен тәртібі. Меншік құқығының ауысуы мен затты берудің арақатынасы. Шарт бойынша меншік құқығының ауысу сәті. Меншік құқығын оның басқа субъектіге ауыспай тоқтату.

Заңды тұлғаның меншік құқығының мазмұны және жүзеге асыру. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі көлемінің оған тиесілі меншік құқығының шектеріне әсері және оны жүзеге асыру әдістері. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары және олардың заңды тұлға мүлкінің құқықтық режимін анықтаудағы рөлі.

Ортақ меншік институтының ұғымы мен маңызы. Жер қатынастарын реттеудегі азаматтық және жер заңнамасы нормаларының арақатынасы. Меншік құқығын және басқа да заттық құқықтарды азаматтық-құқықтық қорғау.

12-тақырып. Міндеттемелік құқықтың өзекті мәселелері

Азаматтық құқық жүйесіндегі міндеттілік құқықтың орны. Міндеттілік құқық жүйесі. Міндеттемелерді орындау мәселелері. Міндеттеменің тиісінше орындалуының заңды талаптары. Міндеттемелердегі тұлғаларды ауыстырылуы мәселелері. Азаматтық-құқықтық шарттың қолданылу салалары. Шарттың елеулі ережелерінің мәселелері. Азаматтық-құқықтық шарттарды жіктеу мәселелері. Жарамсыз және жасалмаған шарттарды сотта даулау кезінде туындайтын кейбір мәселелер. Бұзылған шартты бұзу. Шарттан тыс міндеттемелердің өзекті мәселелері.

13-тақырып. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мәселелері

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің мәні. Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерінің жүйесі. Айып төлеу: түсінігі, мағынасы және оның түрлері. Міндеттеменің жылжымалы зат кепілімен орындалуын қамтамасыз ету. Кепіл құқық қатынастарының өзгеруі және тоқтатылуы. Кепілдің жекелеген түрлерінің (мүліктік құқықтар, бағалы қағаздар, айналымдағы тауарлар) құқықтық ерекшеліктері. Ипотеканың құқықтық ерекшеліктері. Ұстап қалу құқықтары: құқықтық табиғаты, пайда болуы, жүзеге асырылуы. Кепілгерлік шартының мазмұны мен субъектілері. Кепілгерлікті тоқтату. Негізгі борышкер қайтыс болған жағдайда кепілгерлік тағдыры. Кепілдік міндеттеменің тоқтатылуы. Кепілпұл және кепілдік жарна. Затты меншікке беруді қамтамасыз ету және талап етуді беруді қамтамасыз ету.

14-тақырып. Міндеттемедегі тұлғалардың ауыстырылуы

Цессия (талапты беру): ұғымы және құқықтық табиғаты. Кредитор құқықтарының басқа тұлғаға ауысуының негіздері, шарттары мен тәртібі. Басқа тұлғаларға ауыстыра алмайтын құқықтар. Кредитордың басқа тұлғаға ауысатын құқықтарының көлемі. Талап ету құқығын ішінара беру. Келешекте болатын құқықтарды беру. Талап етуді беру нысаны. Жаңа кредитордың құқықтарын дәлелдеу. Суброгация: ұғымы және ерекшеліктері. Суброгация мен регрестің айырмашылығы. Құқықты тиісінше бермеудің салдары. Қарызды аудару: ұғымы, шарты және нысаны.

15-тақырып. Сатып алу-сату туралы жалпы ережелерді қолдану

Мүлікті меншікке беру туралы шарттардың түрлері. Сатып алу-сату шартының елеулі талаптары. Мүліктік құқықтар сатып алу-сату шартының нысанасы ретінде. Сатып алу-сату шарттарының жекелеген түрлеріне сатып алу-сату туралы жалпы ережелерін қолдану.

16-тақырып. Тауарларды бөлшек сатып алу-сату және тауар жеткізілімі туралы нормаларды қолданудың өзекті мәселелері

Тауаларды бөлшек сатып алу-сату шартын және тауарларды жеткізу шартын заңды

анықтамаларын қолдану мәселелері. Тауаларды бөлшек сатып алу-сату шартының және тауарларды жеткізу шартының саралау белгілері. Тауаларды бөлшек сатып алу-сату шартының және тауарларды жеткізу шартының нысаны.

17-тақырып. Жалға алу құқықтық қатынастарын азаматтық-құқықтық реттеу

Жалға алу шартын өзге де шарттық құрылымдардан (тегін пайдалану, заем (несие), сақтау және т.б.) ажырату. Жалға алу шартының жекелеген түрлеріне жалға алу туралы жалпы ережелерді қолдану. Жалға алу шартының жекелеген түрлерінің елеулі талаптары. Тұрғын емес үй-жайды жалға алу шартының құқықтық саралау мәселелері.

18-тақырып. Мердігерлік туралы нормаларды қолданудың өзекті мәселелері

Мердігерлік шарттың өтелмелі қызмет көрсету шартынан ажырату белгілері. Мердігерлік шартының жекелеген түрлеріне мердігерлік туралы жалпы ережелерді қолдану. Мердігерлік шарттың жекелеген түрлерінің елеулі талаптары. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша мердігерге қойылатын қосымша құқықтық талаптар. Мердігерлік шартының жекелеген түрлеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы нормаларды қолдану.

19-тақырып. Делдалдық шарттардың өзекті мәселелері

Делдалдық шарттар: тапсырма шарты, комиссия шарты, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты. Тапсырма шартының, комиссия шартының, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының негізгі белгілері. Тапсырма шартының, комиссия шартының, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нысанасы және өзге де елеулі шарттары. Соттардың тапсырма шарты, комиссия шарты, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты туралы азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану практикасы.

20-тақырып. Мұрагерлік құқықтың өзекті мәселелері

Мұрагерлік құқық жүйесі. Азаматтық және отбасылық заңнама нормаларын мұрагерлік бойынша қатынастарға қолдану. Мұраның негіздері. Мұраның ашылуы. Мұраның ашылу уақыты. Мұраның ашылу орны. Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлік мәселелері. Заң бойынша мұрагерлердің шеңберін анықтау мәселесі. Мұраны қабылдау мәселесі. Мұраның міндетті үлесіне құқығы. Өсиет құпиясы. Төтенше жағдайлардағы өсиет. Өсиеттің күшін жою және өзгерту. Өсиеттің жарамсыздығы. Өсиетті орындау және орындаушы, оның өкілеттігі. Мұраға құқық туралы куәлік және оны алу мерзімі. Мұраны қорғау және оны басқару. Мұра қалдырушының борыштары бойынша мұрагерлердің жауапкершілігі. Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын мүлікті мұраға алу.

21-тақырып. Зияткерлік меншік құқығының өзекті мәселелері

Зияткерлік құқықтардың мәні, айрықша құқықтардың ерекшеліктері. Зияткерлік қызметтің қорғалатын нәтижелерінің және дараландыру құралдарының тізбесі. Зияткерлік қызметтің жекелеген нәтижелерін және дараландыру құралдарын құқықтық қорғау мәселелері.

22-тақырып. Жер және экологиялық қатынастарда азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану ерекшеліктері

Меншік құқығының және өзге де заттық құқықтардың объектісі ретіндегі жер учаскесінің құқықтық режимінің ерекшеліктері. Жер учаскесінің және жер пайдалану құқығының кепілге беруін шектеу. Мемлекет мұқтажы үшін жерді мәжбүрлеп алып қоюдың теориялық және практикалық мәселелері. Жер учаскесін бөтен адамның заңсыз иелігінен талап ету. Меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеудің негіздері мен тәртібі. Табиғи ресурстарға меншік құқығының объектілері мен субъектілері. Экологиялық зиянды өтеу тәртібі.

Жер қойнауын пайдалану құқығының түсінігі мен мазмұны. Жер қойнауын пайдалану

құқығының режимдері. Экологиялық қауіпсіздік және жер қойнауын пайдалану салдарын жою. Жер қойнауын пайдалануға байланысты дауларды шешу тәртібі және жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.

23-тақырып. Неке-отбасы қатынастарында азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану ерекшеліктері

Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарын жүзеге асыру және қорғау. Некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеуші органдарда және сот тәртібімен бұзу. Ерлі-зайыптылардың мүлктік құқықтары мен міндеттері. Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды және шарттық режимі. Неке шарты: жасасу, мазмұны, өзгеруі және бұзылуы. Неке шартын жарамсыз деп тану. Ерлі-зайыптылардың міндеттемелер бойынша жауапкершілігі. Суррогат ана болу шарты. Алимент төлеу туралы келісім: алимент төлеу туралы келісімнің нысаны, оны жасау, орындау, өзгерту, бұзу және жарамсыз деп тану тәртібі.

24-тақырып. Еңбек қатынастарында азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану ерекшеліктері

Еңбек шартының нысанасы. Еңбек шартының шарттардың өзге түрлерінен айырмашылығы. Бейбәсекелестік туралы шарт. Еңбек шартын тараптардың келісімі бойынша бұзу тәртібі. Жұмыскердің басқа заңды тұлғаға ауысуына байланысты еңбек шартын тоқтату негізі және тәртібі. Еңбек шартын тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша тоқтату негіздері. Келіссөздер жүргізу, әлеуметтік әріптестік келісімдерін әзірлеу және жасасу тәртібі. Ұжымдық шарттың қолдану мерзімі, шенбері және тараптардың жауапкершілігі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Нормативтік әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000132>
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000>
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409>
5. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, 2015 жылғы 29 қазандағы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>
6. Қазақстан Республикасының Жер кодексі, 2003 жылғы 20 маусымдағы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442>
7. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2021 жылғы 2 қаңтардағы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>
8. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы, 2011 жылғы 26 желтоқсандағы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518>
9. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, 2015 жылғы 23 қарашадағы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>
10. Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодексі, 2017 жылғы 27 желтоқсандағы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125>
11. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000310>
12. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1998

жылғы 30 маусымдағы № 254 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000254>

13. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2723 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002723>

14. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z100000274>

15. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002198>

16. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002255>

17. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000220>

18. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000415>

19. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176>

20. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000094>

21. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі N 156 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940007000>

22. «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 266 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000266>

23. «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 476 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000476>

24. «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 78 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000078>

25. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000544>

26. «Кредиттік серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы N 400 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000400>

27. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000106>

28. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000461>

29. «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 427 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000427>

30. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002444>

31. «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы N 330 Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000330>

32. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-I Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000006>

33. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 178-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000178>

34. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>

35. «Тұтынушылар құқын қорғау туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі

туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1996 жылғы 25 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P96000007S>

36. «Тұрғын үйге меншік құқығын қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік 1999 жылғы 9 шілдедегі № 10 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P99000010S>

37. «Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілде № 9 Нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000009S>

38. «Өздерінің қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асыратын заңды тұлғаларды таратудағы сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 5 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P04000005S>

39. «Жылу және электр қуаты үшін берешекті өндіруге байланысты заңдарды соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P05000009S>

40. «Банкроттық салдарынан заңды тұлғаны тарату кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 4 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P05000004S>

41. «Соттардың мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін еріксіз иеліктен шығару жөніндегі заңдарды қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 Нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000008S>

42. «Меншік иесімен тасталған тұрғын үйге құқық жөніндегі дауларды соттардың қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 3 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000003S>

43. «Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 6 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000006S>

44. «Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 5 Нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000005S>

45. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын соттардың қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000011S>

46. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 2 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P08000002S>

47. «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасының 2009 жылғы 29 маусымдағы № 5 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P09000005S>

48. «Акционерлік қоғамдар жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 8 Нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P09000008S>

49. «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000004S>

50. «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы №5 нормативтік

қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P150000005S>

51. «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000006S>

52. «Соттардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын азаматтық істер бойынша қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000008S>

53. «Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы. » <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000007S>

54. «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P00000005S>

55. «Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000002S>

56. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P180000015S>

57. «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 6 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000006S>

58. «Соттардың заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 2 Нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P230000002S>

59. «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2024 жылғы 28 қарашадағы №1 нормативтік қаулысы. https://sud.gov.kz/sites/default/files/pagefiles/np_po_trudovomu_kaz.pdf

Оқу әдебиеті:

1. Идрышева С. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Оқу құралы / С.Идрышева. – Астана: Фолиант, 2015. – 248 б.

2. Жайлин Г.А. Азаматтық құқық: Оқулық. Ерекше бөлім. 1 том. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005. – 264 б.

3. Жайлин Г.А. Азаматтық құқық: Оқулық. Ерекше бөлім. 2 том. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 358 б.

4. Елеусізова И. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2013. – 224 б.

5. Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 448 б.

6. Найманбаев С.М. Банктік құқық: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 152 б.

7. Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности: Монография. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 448 с.

8. Кусаинова Л.А., Жакупов Р.Е. Наследственное право Республики Казахстан: Учебно- практическое пособие. – Астана, 2013. – 208 с.

9. Жайлин Г.А. Гражданское право. Особенная часть. Учебник. Том 3. – Алматы, 2013. – 198 с.

10. Сулейменов М.К. Гражданское право Республики Казахстан: опыт теоретического исследования. Том 2. Часть вторая. Теоретическая. Раздел 1. Общие проблемы гражданского

права. - Алматы, 2016.

11. Сулейменов М.К. Гражданское право Республики Казахстан: опыт теоретического исследования. Том 3. Часть вторая. Теоретическая. Раздел 2. Гражданское правоотношение. - Алматы, 2016.

12. Климкин С.И. Товарищество с ограниченной ответственностью: Комментарий к Закону Республики Казахстан от 22 апреля 1998 года. 2-е изд. - Алматы: Юрист, 2016.

13. Гражданское право России. Практикум. Учебное пособие. / под ред. Анисимов А.П., Козлова М.Ю., Рыженков А.Я., Чикильдина А.Ю. - М., 2014. - 396 с.

14. Наследственное право: постатейный комментарий к статьям 1110–1185, 1224 Гражданского кодекса Российской Федерации [Электронное издание. Редакция 1.0] / Отв. ред. Е.Ю. Петров. – М.: М-Логос, 2018. – 656 с. (Комментарии к гражданскому законодательству #Глосса.) <http://m-lawbooks.ru/wp-content/uploads/2018/10/Petrov-Nasledstviennoe-pravo-Nieizviestnyi.pdf>

15. Бевзенко Р. С. Обеспечение обязательств (залог, поручительство, гарантия). - М.: Статут, 2015. - 592 с. (Доступно в СПС «КонсультантПлюс».) <file:///C:/Users/709-user/Downloads/%D0%A4%D1%80%D0%B0%D0%B3%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D1%82.pdf>

16. Стамқұлов Ә.С., Стамқұлова Г.Ә. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы бөлім: Оқу құралы. – Алматы, 2004. – 334 б.

17. Умирзаков П.К. Қазақстан Республикасында жерді мемлекет мұқтаждары үшін алып қоюды (сатып алуды) құқықтық реттеу/ Автореферат.

18. Абдраимов Б.Ж., Боголюбов С.А. Земельное право России и Казахстана: проблемы развития, процессуальные формы реализации. - М.: Юрист, 2007. – 248 с.

19. Косанов Ж.Х «Право собственности, право землепользования и иные права на землю» Монография. – Алматы, 2002 г.

20. Ахметов А., Ахметова Г. А. Еңбек құқығы. Оқулық. – Алматы: «Нұр-пресс», 2005. - 405 бет. <http://lib-ekb.kz/upload/iblock/24b/24bec305281dba61645d2f1a83d6b00a.pdf>

21. Жампейісов Д.Ә.. Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы: Оқулық / Д.Ә. Жампейісов, Д.Ә. Жампейісов.- Астана: Фолиант, 2014.- 661 б.

22. Основы интеллектуальной собственности: вопросы и ответы для студентов. Пекин и Женева: Национальное управление интеллектуальной собственности Китая и Всемирная организация интеллектуальной собственности. – CNIPA и ВОИС, 2019 // <https://www.wipo.int/publications/ru/details.jsp?id=4410>

23. Карагусов Ф. Рекомендации по совершенствованию корпоративного законодательства Республики Казахстан. 20 ноября 2020 года // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37212626&pos=6;-108#pos=6;-108

24. Актуальные проблемы гражданского права. Учебник для магистратуры. Под ред. Р.В. Шагиевой. – М., 2021. – 380 с. // <https://www.labyrinth.ru/books/671387/>

25. Диденко А. «Право. Мораль. Справедливость». – Алматы, 2022 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38750528

2-БӨЛІМ. «Азаматтық процестік заңнама нормаларын қолдану»

Мазмұны

- 1-тақырып. Азаматтық процестік құқықтың құқық саласы және заң ғылымы ретіндегі пәні: қазіргі заманғы мәселелер
- 2-тақырып. Азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарының жүйесі
- 3-тақырып. Сот құзыреттілігін бөлу мәселелері (ведомстволық және соттылық)
- 4-тақырып. Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылардың процестік жағдайы.
- Азаматтық процестік құқық қатынастары: проблемалық сұрақтар
- 5-тақырып. Азаматтық процестегі дәлелдемелер мен дәлелдеудің проблемалық сұрақтары
- 6-тақырып. Татуласу рәсімдері және дауларды соттан тыс реттеудің тетіктері
- 7-тақырып. Азаматтық істерді қарау рәсімдерін жеделдету мәселелері
- 8-тақырып. Электрондық сот ісін жүргізу ерекшеліктері
- 9-тақырып. Бірінші сатыдағы сотта талап қою ісін жүргізу ерекшеліктері
- 10-тақырып. Ерекше талап қою ісін жүргізу
- 11-тақырып. Ерекше іс жүргізу
- 12-тақырып. Бірінші сатыдағы соттың актілері
- 13- тақырып. Сот актілерін қайта қараудың өзекті мәселелері
- 14- тақырып. Атқарушылық іс жүргізудің қазіргі заманғы мәселелері
- 15-тақырып. Шетелдік құқық субъектілерінің қатысуымен азаматтық істерді қарау ерекшеліктері

1-тақырып. Азаматтық процестік құқықтың құқық саласы және заң ғылымы ретіндегі пәні: қазіргі заманғы мәселелер

Азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы сот реформасы: қазіргі жағдайы, одан әрі дамуының негізгі бағыттары. Субъективті құқықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерді сот арқылы қорғау ұғымы.

Азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру. Азаматтық процестік нысан. Азаматтық процестік құқығының ұғымы, оның пәні, әдісі және жүйесі: пікірталас сұрақтары. Азаматтық процестік құқықтың басқа процестік және материалдық құқық салаларымен арақатынасы.

Азаматтық процестік құқықтың қайнар көздері: ұғымы, иерархия мәселелері. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ азаматтық процестік құқықтың құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары. Азаматтық процестік заңының уақыт бойынша қолданылуы. Азаматтық процестің сатылары: бөлу және жіктеу мәселелері. Азаматтық процестегі іс жүргізу түрлерінің мәселелері.

2-тақырып. Азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарының жүйесі

Азаматтық процестік құқықтың қағидаттарының түсінігі және мәні, олардың жүйесі мен жіктелуі. Диспозитивтік, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы, объективті ақиқат: қағидаттардың мәні, мазмұны арақатынасы. Азаматтық процестік құқығы қағидаттарының түсінігі және оларды қолдану мәселелері. Сот төрелігінің қол жетімділік қағидаты және оны азаматтық процесте іске асыру мәселелері. Процестік үнемдеу қағидаты: түсінігі, маңызы және іске асырылуы. Азаматтық процестік құқықтың жариялылық қағидаты және оның сипаттамасы. Процестік адалдық қағидатын түсіну мәселесі және оны азаматтық сот ісін жүргізу субъектілерімен іске асырылуы. Соттың құқықтық мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуі. Азаматтық істер бойынша сот төрелігінің халықаралық-құқықтық стандарттары аясындағы әділдік қағидаты.

3-тақырып. Сот құзыреттілігін бөлу мәселелері (ведомстволық және соттылық)

Ведомстволықты анықтаудың жалпы ережелері. Ведомстволықтың коллизиясы және оларды шешу тәртібі. Ведомстволық ережелерін сақтамаудың процестік-құқықтық салдары.

Істердің соттылығы ұғымы және түрлері. Экстерриториалдық соттылық. Пәндік және аумақтық соттылықты анықтау мәселелері. Азаматтық істердің мамандандырылған соттардың, мамандандырылған сот құрамдарының соттылығына жатқызылуы. Азаматтық істердің облыстық және оған теңестірілген соттың соттылығына жатқызылуы. Азаматтық істердің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылуы. Соттылық ережелерін сақтамаудың процестік-құқықтық салдары.

4-тақырып. Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылардың процестік жағдайы. Азаматтық процестік құқық қатынастары: проблемалық сұрақтар

Азаматтық процестік құқықтың субъектілері: жіктеу мәселелері. Сот отырысына төрағалық етушінің рөлі. Іске қатысатын адамдардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері. Іске қатысатын өзге де тұлғалардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері. Азаматтық процестік құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік. Процестік құқық субъектілік туралы пікірталас. Азаматтық процесте өзге тұлғаның мүдделерін қорғау.

Азаматтық процестегі өкілдің процестік және құқықтық жағдайының өзекті мәселелері. Азаматтық сот ісін жүргізудегі сотта өкілдік етудің түрлері. Адвокаттың соттың тағайындауы бойынша азаматтық процеске өкіл ретінде қатысуы, оның өкілеттіктерінің көлемін анықтау ерекшеліктері. Азаматтық процесте прокурордың процестік жағдайының ерекшеліктері.

Азаматтық процестік құқық қатынастарының ұғымы, ерекшеліктері, құрылымы және объектісі мәселелері. Қарапайым азаматтық процестік құқықтық қатынастар. Күрделі азаматтық процестік құқықтық қатынастар.

Соттың және азаматтық процестің басқа қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің арақатынасы мәселесі. Процестік құқықтарды теріс пайдалану: түсіну, жіктеу, процестік салдары және рұқсат етілген мінез-құлықпен арақатынасы.

5-тақырып. Азаматтық процестегі дәлелдемелер мен дәлелдеудің проблемалық сұрақтары

Дәлелдеудің процестік нысаны. Азаматтық істер бойынша дәлелдеу тетігіндегі заңды деректер. Азаматтық істер бойынша дәлелдеу тетігіндегі құқықтық сана. Азаматтық процестегі таным сипаты және анықталатын ақиқат мәселесі. Дәлелдеу нысанасын түсінудің мәселелері. Дәлелдемелердің қатыстылығы және жарамдылығы мәселелері. Дәлелдемелерді ұсыну және алмасу. Дәлелдемелерді ашу. Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін мәліметтер. Дәлелдеу бойынша міндеттерді бөлу мәселесі. Дәлелдемелік болжамның (презумпция) рөлі.

Дәлелдемелер мен дәлелдеу құралдарын жіктеу мәселесі. Электрондық тәсілмен алынған дәлелдемелердің құқықтық табиғаты. Азаматтық процестегі беттестіру. Туынды куә айғақтарының процестік маңызы. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету мәселелері. Сотпен дәлелдемелерді бағалаудың теориялық және практикалық аспектілері.

6-тақырып. Татуласу рәсімдері және дауларды соттан тыс реттеудің тетіктері

Дауларды шешудің баламалы құралдарын дамытудың себептері мен алғышарттары. Дауларды шешудің соттан тыс нысандарының жүйесі және олардың жіктелуі. Азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерінің бірі ретінде дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу. Тараптардың татуласуына жәрдемдесу азаматтық істі дайындау міндеттерінің бірі ретінде. Татуластыру рәсімдерінің артықшылықтары мен кемшіліктері. Шет елдердегі татуласу рәсімдердің ерекшеліктері мен түрлері. Делдалдың қатысуы үшін келісімнің ерекшеліктері. Татуласу келісімдері құқық бұзушылықтардың алдын алу тәсілі ретінде. Татуласу келісімдерді қолданудың шетелдік тәжірибесі. Медиация азаматтық-құқықтық дауды реттеу тәсілі ретінде және оны қолдану тәртібі. Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу.

Дауды төреліктің, «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының шешуіне беру.

7-тақырып. Азаматтық істерді қарау рәсімдерін жеделдету мәселелері

Азаматтық процестегі бұйрық арқылы іс жүргізу: түсінігі, жалпы сипаттамасы, сот бұйрығын шығару негіздері. Соттың бұйрығы негізінде берешекті өндіріп алу. Сот бұйрығын шығару туралы арыздың нысаны мен мазмұны. Сот бұйрығын шығару туралы арызды қабылдаудан бас тарту және қайтару негіздері. Сот бұйрығын шығару тәртібі мен мерзімі. Сот бұйрығының мазмұны. Жауапкерге сот бұйрығының көшірмелерін жіберу. Сот бұйрығына қарсылық білдіру. Сот бұйрығының күшін жою. Талап қоюшыға сот бұйрығын беру және оны орындауға жіберу.

8-тақырып. Электрондық сот ісін жүргізудің ерекшеліктері

Азаматтық сот ісін жүргізу форматы. Электрондық құжаттар: түсінігі және мағынасы. Электрондық құжаттарды дәлел ретінде пайдалану мәселелері. Техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы сот отырысына қатысу. Электрондық хаттама: түсінігі, процестік ресімделуі. Электрондық азаматтық істі қалыптастыру ерекшеліктері.

9-тақырып. Талап қою ісін жүргізу

Құқықты қорғаудың талап қою нысаны: қазіргі жағдайы, даму болашағы. Талап қою түрлерінің процестік жіктелуі. Азаматтық сот ісін жүргізуде істерді қозғаудың өзекті мәселелері. Сотқа дейінгі хаттама. Азаматтық іс қозғаудың құқықтық салдары. Істі сот талқылауына дайындау: мақсаты, міндеттері, соттың өкілеттігі, сот практикасы мәселелері. Алдын ала сот отырысы институты: мақсаты, міндеттері, сот практикасы мәселелері.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер. Істерді оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қараудың ерекшеліктері. Соттың оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу шеңберіндегі өкілеттіктері. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған іс бойынша шешім.

Сот талқылауы: түсінігі, маңызы, іс жүргізу тәртібі, құрамдас бөліктері (сатылары). Сот талқылауында төрағалық етуші және тараптар. Бірінші сатыдағы сотта істі қарау мерзімінің ақылға қонымды болуы. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру және істі қарауды қайта бастау. Іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әрекеттері. Сот талқылауын шешім шығарусыз аяқтау: практиканың өзекті мәселелері. Қазіргі заманғы азаматтық сот ісін жүргізудің даму үрдісін ескере отырып, сот отырысының хаттамасына қойылатын талаптар.

Сот отырысының хаттамасы: дайындау, танысу, ескертулер жасау тәртібі.

10-тақырып. Ерекше талап қою ісін жүргізу

Ерекше талап қою ісін жүргізу: түсінігі және оның ерекшеліктері. Істі сот талқылауына дайындау. Нормативтік құқықтық актінің заңдылығына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу ерекшеліктері. Активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу ерекшеліктері.

11-тақырып. Ерекше іс жүргізу

Ерекше іс жүргізу ұғымы және оның талап қою ісін жүргізуден айырмашылығы. Ерекше іс жүргізу істері бойынша соттылықтың арнайы қағидалары. Ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер. Істі сот талқылауына дайындау. Істерді ерекше іс жүргізу тәртібімен қараудың процестік ерекшеліктері.

Заңды мәні бар фактілерді анықтау туралы істер. Заңды маңызы бар фактілерді анықтау үшін қажетті шарттар. Заңды маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы мәселелері.

12-тақырып. Бірінші сатыдағы соттың актілері

Бірінші сатыдағы сот актілерінің ұғымы және түрлері. Сот шешімі: мәні, маңызы және түрлері. Сот шешімінің жаңа форматы және оның мазмұнына қойылатын талаптар. Біртекті істердің бірін бірінші саты бойынша қарау нәтижесінде облыстық (оған теңестірілген) сот пен Жоғарғы Сот шығарған шешімнің маңызы.

Сот шешімінің заңды күші: заңнамалық реттеу мәселелері. Шешімді түсіндіру: нормативтік талаптар, сот тәжірибесі мәселелері.

Қосымша шешім. Шешімдегі қате жазулар мен анық арифметикалық қателерді түзету.

Сот ұйғарымдары, олардың мазмұны, нысаны, шығару және орындау тәртібі бойынша түрлері.

13-тақырып. Сот актілерін қайта қараудың өзекті мәселелері

Апелляция мен кассацияның мәні. Апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың сот актілерінің заңдылығын тексеру мақсаттары. Сот актілерін қайта қарау сатыларында қолданылатын қағидаттар. Сот актілерін қайта қарау сатыларындағы болжамдар (презумпциялар) мен преюдициялар. Апелляциялық және кассациялық шағымдануға жататын сот актілері. Апелляциялық шағым беру: шағымның тәртібі, мерзімдері, мазмұны және бірінші сатыдағы сот судьясының іс-әрекеттері. Кассациялық шағым беру: апелляциялық шағым беруден айырмашылықтар.

Апелляциялық қараудың нысанасы және шектері. Апелляциялық және кассациялық іс жүргізу сатыларындағы татуластыру рәсімдері. Бірінші сатыдағы сот судьясының апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын алғаннан кейінгі әрекеттері. Істі апелляциялық сатыдағы сотта қарауға дайындау. Апелляциялық сатыдағы соттың істі қарау мерзімі. Апелляциялық сатыдағы сотта істі қарау. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіктері. Апелляциялық қаулының мазмұны.

Істі кассациялық тәртіппен қарау нысанасы және шектері. Істерді кассациялық тәртіппен қарайтын соттар. Істерді талап етіп алдырудың және заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың себептері мен негіздері. Кассациялық тәртіппен сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты алдын ала қарау. Өтінішхатты алдын ала қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер. Істі кассациялық сатыдағы соттың қарау тәртібі. Кассациялық сатыдағы соттың өкілеттіктері. Кассациялық сатыдағы сот қаулысының мазмұны. Кассациялық сатыдағы сот қаулысының заңды күшіне енуі. Сот шешімінің, ұйғарымының, қаулысының күші жойылғаннан кейін істі қарау. Қазақстан Республикасында дербес кассация енгізе отырып, сот жүйесін реформалау. Азаматтық істер бойынша дербес кассация.

6. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлік: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық /Жауапты редакторлар Қ.Ж. Балтабаев, А.Ә. Биебаева, Б.К. Сыздық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2022. - 448 б.
7. Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2 т. (главы 1 - 10). Учебник для вузов / отв. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж., Коробеев А.И. – Алматы: Жеті жарғы 2016. – 500 с.
8. Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2 т. (главы 11-18). Учебник для вузов /отв. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж., Коробеев А.И. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. – 540 с.
9. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768 б.
10. Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: Издательство «Норма- К», 2013. – 552 с.

4-БӨЛІМ. «Қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолдану»

Мазмұны

- 1-тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының жай-күйі мен даму үрдістері
- 2-тақырып. Қылмыстық процестің принциптерін іске асыру мәселелері
- 3-тақырып. Қылмыстық процестің субъектілері
- 4-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық-процестік мәжбүрлеу мәселелері
- 5-тақырып. Өтінішхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым жасау
- 6-тақырып. Қылмыстық процестегі мүлктік мәселелер
- 7-тақырып. Процестік мерзімдер
- 8-тақырып. Процестік құжаттар. Процестік шешімдер.
- 9-тақырып. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу
- 10-тақырып. Сот бақылауы. Тергеу судьясының процестік өкілеттіктері
- 11-тақырып. Дәлелдемелік құқықтың өзекті мәселелері
- 12-тақырып. Қылмыстық істің сотқа дейінгі қозғалысы
- 13-тақырып. Басты сот талқылауын тағайындау. Соттылық
- 14-тақырып. Басты сот талқылауының жалпы шарттары
- 15-тақырып. Басты сот талқылауы
- 16-тақырып. Соттың үкімдері мен қаулыларын апелляциялық тәртіппен қайта қарау
- 17-тақырып. Соттың шешімдерін орындау
- 18-тақырып. Сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кассациялық тәртіппен қайта қарауы
- 19-тақырып. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау
- 20-тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізудің жіктелген нысандары

1-тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының жай-күйі мен даму үрдістері

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының даму динамикасы және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету проблемалары. Қылмыстық-процестік құқықтың дамуының негізгі бағыттары, қылмыстық сот ісін жүргізудің үш буынды моделін кезең-кезеңмен енгізу. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын реформалаудың тұжырымдамалық негіздері.

Сот практикасының біркелкілігі проблемалары және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары. Қылмыстық-процестік құқықтағы ұқсастық және преюдиция мәселесі. Қылмыстық-процестік заңнама нормаларының коллизиялары мен бәсекелестігі. Қылмыстық-процестік кепілдіктердің проблемалық мәселелері. Қылмыстық процесс сатыларында процестік үнемдеуді қамтамасыз ету мәселелері. Қылмыстық-процестік саясат және оны жүзеге асыру мәселелері. Қылмыстық-процестік нысанды жіктеу мәселелері.

Құқықтық жүйелердің конвергенциясы проблемалары және оның Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының дамуына әсері. Жазалаушы сот төрелігінен қалпына келтіруші сот төрелігіне көшу.

2-тақырып. Қылмыстық процестің принциптерін іске асыру мәселелері

Қылмыстық процестің принциптерін қамтамасыз ету мәселелері. Қылмыстық процестің әртүрлі сатыларында принциптерді іске асырудың ерекшеліктері. Қылмыстық-процестік

принциптердің даму болашағы. Қылмыстық сот ісін жүргізу принциптері мен жекелеген сатыларды құрудың жалпы шарттарының арақатынасы.

Қылмыстық процесс қағидаттарының жүйесі және топтастырылуы. Қылмыстық процесс теориясында қағидаттарды: нормативтік бекіту орны; ықпал ету саласы; салалық тиесілілігі; қылмыстық процесс жүйесінде іске асырылуы; қылмыстық процесс сатылары бойынша жіктеу. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін анықтайтын қағидаттар. Сот билігін жүзеге асырудың негіздерін анықтайтын қағидаттар. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың қылмыстық іс жүргізу қызметінің негіздерін айқындайтын қағидаттар.

Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру қағидатын іске асыру проблемалары. Сотқа дейінгі іс жүргізудегі жарыспалылық бастаулары. Қылмыстық процестің диспозитивті бастауларының проблемалық мәселелері. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатын қамтамасыз етудің процестік негіздері. Үкімді орындау сатысында білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету қағидатын іске асыру мәселелері. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы қағидатының және жасырын тергеу әрекеттерінің арақатынасы. Сот жүйесін реформалау және судьялардың тәуелсіздігі қағидаты.

3-тақырып. Қылмыстық процестің субъектілері

ҚР ҚПК-дегі қылмыстық процеске қатысушыларды және қылмыстық-процестік қызметтің субъектілерін айқындаудағы жаңа ұстанымдар. Құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырату жөніндегі шаралар.

Қылмыстық процеске қатысушылардың түсінігі және топтастырылуы. Қылмыстық процеске қатысушылардың субъективтік құқықтары мен заңи міндеттері. Қылмыстық процеске қатысушыларды: қылмыстық процесс субъектілерінің түрлері; қылмыстық процесс сатылары; қылмыстық-процестік құқықтық қатынастардың сипаты бойынша жіктеу.

Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар. Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар.

Қарсылық білдіру институты заңдылық пен тұлға құқықтарының кепілі ретінде. Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар ұғымы. Өздеріне қатысты қарсылық білдіру мәлімделуі мүмкін адамдар. Қарсылық білдірудің негіздері мен тәртібі. Қарсылық білдіруді мәлімдеудің процестік тәртібі және оны шешу.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Судья іске қатыса алмайтын мән-жайлардың тізбесі. Судьяның қызығушылығын көрсететін мән-жайлар.

Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қылмыстық процеске қатысушыларды мемлекеттік қорғаудың дамуының негізгі кезеңдері. Халықаралық құқық нормалары мен принциптерінде және шетелдік құқықта қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қауіпсіздік шаралары. Қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету туралы шешім қабылдау тәртібі және оны қылмыстық процестің сотқа дейінгі және соттағы сатыларында іске асыру.

Ақтау және қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу проблемалары.

4-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық-процестік мәжбүрлеу мәселелері

Процестік мәжбүрлеу шаралары институтының проблемалары. Қылмыстық процесте процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану практикасының мәселелері. Процестік

мәжбүрлеуді қолдану кезінде жеке басқа қолсұғылмаушылық принципін іске асыру. Процестік мәжбүрлеуді заңсыз, негізсіз қолданудың процестік салдары.

Қылмыстық-процестік ұстап алуды қолдану проблемалары. Қазақстанның қылмыстық процесіндегі Миранда ережелері. Кәмелетке толмағандарға қатысты бұлтартпау шараларын қолдану практикасы. Бұлтартпау шарасы ретіндегі күзетпен ұстау: санкциялау проблемалары. Тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау кезінде күдіктің негізділігін тексеруі. Бұлтартпау шарасын таңдау және қосымша шектеулер белгілеу кезінде ескерілетін мән-жайлар. Күдіктінің және оның қорғаушысының қылмыстық іс материалдарымен танысуы кезеңінде күзетпен ұстау мерзімдерін ұзарту. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес бұлтартпау шараларын қолдануды кеңейтуге бағытталған заңнамалық шаралар. Кепілді бұлтартпау шарасы ретінде қолдану проблемалары.

Өзге де процестік мәжбүрлеу шараларын қолданудың өзекті мәселелері. Мүлікке тыйым салу: жүргізудің процестік тәртібі және қолдану практикасы. Қылмыстық процесте ақшалай өндіріп алуды қолданудың жаңартылған тәртібі. Қылмыстық істер бойынша жақындауға тыйым салуды қолдану тәжірибесі.

5-тақырып. Өтінішхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым жасау

Өтінішхаттар ұғымы мен мақсаты, олардың түрлері, беру және қарау тәртібі. Қылмыстық процестегі өтінішхаттардың мазмұны. Өтінішхаттардың мақсаттары. Өтінішхаттардың ерекшелігі. Өтінішхат мәлімдеу құқығы. Өтінішхатты қабылдамау. Өтінішхаттарды қанағаттандыру шарттары. Өтінішхаттарды қанағаттандырудан бас тарту.

Шағым ұғымы, оның түрлері, беру және қарау тәртібі. Қылмыстық процеске қатысушылардың шағымдарын қараудың міндеттілігі. Органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымдану. Ұсталған немесе күзетпен ұстауда отырған адамдардың шағымдарын жіберу тәртібі. Шағым беру мерзімдері. Шағым беруге байланысты шешімнің орындалуын тоқтата тұру. Шағымдарды қараудың жалпы тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың, прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау тәртібі. Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды сотта қарау тәртібі. Тергеу судьясының қаулыларына шағымдану, наразылық білдіру. Сот үкіміне, қаулыларына шағымдар, наразылықтар.

6-тақырып. Қылмыстық процестегі мүліктік мәселелер

Қылмыстық процесте шешілетін мүліктік мәселелердің түсінігі, шарттары және түрлері. Қылмыстық процесте мүліктік құқықтық қатынастардың пайда болу шарттары мен себептері.

Қылмыстық процестегі азаматтық талап қоюдың түсінігі, мәні және қарау тәртібі. Қылмыстық процестегі азаматтық талаптың пәні. Қылмыстық процесте азаматтық талап қоюдың құқықтық негізі. Азаматтық талапты қылмыстық іспен бірге қараудың маңызы. Моральдық зиянды өтеу. Қылмыстық процесте азаматтық талапты қамтамасыз ету тәсілдері. Жәбірленушілерге өтемақы қоры.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында еңбекке ақы төлеу және шеккен шығыстарды өтеу. Адвокатқа, аудармашыға, маманға, сарапшыға еңбекақы төлеу. Адамдардың қылмыстық процесті жүргізетін органға келуге жұмсайтын сомалары. Қылмыстық процесті жүргізуші органның өтініші бойынша адамдардың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерде тұру қажеттілігіне байланысты шығыстар. Жұмыс орнында болмауына байланысты толық алынбаған жалақы. Тұлғаның қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша тергеу ісіне немесе басқа да процестік әрекетке қатысуы салдарынан сапасын жоғалтқан немесе жоғалған мүлікті қалпына келтіру немесе сатып алу.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі процесік шығындардың түсінігі және мазмұны. Процестік шығындарды өндіріп алу.

7-тақырып. Процестік мерзімдер

Процестік мерзімдер. Процестік мерзімдерді сағаттармен, тәуліктермен, айлармен, жылдармен есептеу. Процестік мерзімдерді сақтау. Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі.

Қылмыстық процестегі мерзімдер. Қылмыстық істерді біріктіру кезінде процесік мерзімдерді есептеу тәртібі. Қылмыстық істі тоқтата тұру кезіндегі процесік мерзімдер. Қайта басталған қылмыстық іс бойынша процесік мерзімдерді есептеу.

8-тақырып. Процестік құжаттар. Процестік шешімдер

Процестік құжаттардың рөлі мен маңызы. Процестік құжат ұғымы. Процестік құжаттарды процесік емес құжаттардан ажырату. Процестік құжаттардың нысаны мен мазмұны. Процестік құжаттың құқықтық салдары. Процестік құжаттарды оларды құрастыру субъектісі бойынша; мазмұны бойынша; процесің сатысына қарай топтастыру. Қылмыстық процесі жүргізуші орган құрастыратын және қосалқы міндеттерді атқарушы адамдар құрастыратын іс жүргізу құжаттары. Процестік шешімді рәсімдейтін процесік құжаттар. Процестік әрекеттердің барысы мен нәтижесін көрсететін процесік құжаттар. Процестік құжаттың негізділігі және дәйектілігі. Процестік құжаттың құрылымы. Қылмыстық сот ісін жүргізудің өзге қатысушылары құрастыратын құжаттар.

Процестік шешімдер. Қылмыстық процестегі шешімдердің түсінігі мен мәні. Процестік шешімдерді қабылдау тәртібі. Шешімдер қабылдау қағидалары. Шешімдердің мазмұны және нысаны.

9-тақырып. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу

Қылмыстық сот ісін жүргізудің қағаздағы және электрондық форматтары.

Қылмыстық істерді біріктіру. Қылмыстық істерді біріктіру институтының істің барлық мән- жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу принципімен арақатынасы. Қылмыстық істерді біріктіру туралы процесік шешім. Қылмыстық істерді біріктіру негіздері. Қылмыстық істерді бір іс жүргізуге біріктіруге болмайтын жағдайлар.

Қылмыстық істі бөлектеп алу. Қылмыстық істі бөлектеп алудың негіздері. Қылмыстық істерді бөлектеп алуға болатын жағдайлар. Қылмыстық істі бөлектеп алу туралы процесік шешім. Қылмыстық істі бөлектеп алу кезінде процесік мерзімдерді есептеу тәртібі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу негіздері. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы процесік шешім. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзуге негіз болған мән-жайлар жойылған кезден бастап, оның үзілген мерзімдерін қайта бастау.

Қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру негіздері. Соттың қылмыстық істі тоқтата тұру туралы процесік шешімі. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар жойылған соң соттың іс жүргізуді қайта бастауы.

Қылмыстық істі тоқтату. Қылмыстық істі тоқтатудың ақтайтын негіздері. Қылмыстық істі тоқтатудың ақтамайтын негіздері. Қылмыстық істі тоқтату туралы процесік шешім.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді толық тоқтату туралы қаулының күшіне енуі. Іс бойынша үкімнің немесе басқа қорытынды шешімнің күшіне енуі.

Күпиялықты сақтау. Жариялықты шектеудің міндетті және қосымша негіздері. Процеске қатысушыларды мемлекеттік күпияларды құрайтын мәліметтерге жіберу тәртібі. Қылмыстық процесің сотқа дейінгі сатыларында деректердің күпиялылығын сақтау тәртібі. Тергеу күпиясын сақтау кепілдігі.

10-тақырып. Сот бақылауы. Тергеу судьясының процесік өкілеттіктері

Қылмыстық процестегі сот бақылауының ұғымы және мақсаты. Сот бақылауы мен

прокурорлық қадағалаудың арақатынасы. Сот билігінің конституциялық мақсатының мазмұны аясындағы сот бақылауы. Сот бақылауы сотқа дейінгі қылмыстық процесте сот төрелігін іске асыру нысаны ретінде Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеп-тексеру органдарының шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) сот бақылауы. Процестік мәжбүрлеу шараларын қолданудың заңдылығы мен негізділігін сот бақылауы.

Тергеу судьясы институтының мәні мен мазмұны. «Тергеу судьясы» мен «сот тергеушісі» институттарының арақатынасы. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тергеу судьясының құзыретіне кіретін мәселелер. Тергеу судьясының құзыретіне кіретін мәселелерді қараудың процестік тәртібі. Тергеу судьясының сот актілері.

Жәбірленуші мен куәгердің айғақтарын тергеу судьясының айғақтарды сақтауға қою.

11-тақырып. Дәлелдемелік құқықтың өзекті мәселелері

Қазақстандағы қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдеуді формальдықтан арылту проблемалары. Дәлелдемелердің кейбір түрлерінің жол берілетіндігінің даулы мәселелері. Қылмыстық- процестік дәлелдеудегі қорғаушы-адвокат: тараптардың мүмкіндіктерінің тепе-тендігі. Дәлелдемелерді жинаудың процестік тәсілдері. Бірінші сатыдағы соттардың дәлелдемелерді бағалау мәселелері. Куә мен жәбірленушінің айғақтарын қалыптастыру және бағалау мәселелері.

Процестік келісім жасалған істер бойынша дәлелдеу үдерісі. Жедел-ізвестіру қызметінің және жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін пайдалану. Басты сот талқылауында дәлелдемелерді бағалау мәселелері. Қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдеу рәсімін жетілдіру.

Преюдиция және оны құқық қолдану тәжірибесінде іске асыру проблемалары. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген санаттары бойынша дәлелдеу мәселелері. Қылмыстық іс бойынша тергеу кезінде дәлелдеу пәніне кіретін мән-жайларды анықтау практикасы. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу шектерінің даулы мәселелері

Заттай дәлелдемелерді ресімдеудің практикалық мәселелері. Қылмыстық істі тоқтатқан кезде заттай дәлелдемелердің тағдырын анықтау тәжірибесі.

12-тақырып. Қылмыстық істің сотқа дейінгі қозғалысы

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру ұғымы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары. Алдын ала тергеу. Анықтау. Хаттамалық нысан. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының жүйесі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының қылмыстық процестің принциптерімен арақатынасы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының сипаттамасы. Қылмыстық істердің тергеулігі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің басталуы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің аяқталуы. Сотқа дейінгі тергеп- тексерудің мерзімі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың себептері. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар. Кінәсін мойындап келу. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдаудың міндеттілігі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды тергеулігі бойынша беру.

Тергеу әрекеттерінің түсінігі және топтастырылуы. «Тергеу әрекеттері» және «процестік әрекеттер» терминдерінің арақатынасы. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері. Тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары. Тергеу әрекеттерінің процестік нысаны. Тергеу әрекеттерін жүргізуге кепілдік беретін шаралар. Тергеу әрекеттерінің жүйесі. Тергеу әрекеттерін сипаты, мақсаттары, нақты деректерді көрсету әдістері, дәлелдемелік ақпарат алу процесі, жүргізу тәртібі бойынша топтастыру. Тергеу әрекеттерін жүргізу үшін заңды және нақты негіздер. Жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің шарттары мен негіздері.

Адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы, оны жариялау. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау, күдіктіні, айыпталушыны іздестіруді жариялау, жоғалған қылмыстық істі қалпына келтіру.

13-тақырып. Басты сот талқылауын тағайындау. Соттылық.

Басты сот талқылауының мәні және мазмұны. Басты сот талқылауы қылмыстық процестің дербес сатысы ретінде. Соттың келіп түскен қылмыстық іске қатысты әрекеттері. Судья шешетін мәселелер аясы. Сот бақылауы және басты сот талқылауына дайындалу міндеттерін жүзеге асыру. Басты сот талқылауын ұйымдастыру мәселелері. Басты сот талқылауын тағайындау туралы шешім және оның деректемелері.

Соттылық: түсінігі және топтастыру. Пәні бойынша (топтық) соттылық. Аумақтық (жергілікті) соттылық. Жеке соттылық. Істердің байланысы бойынша соттылық. Аудандық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Қылмыстық істердің қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың және гарнизондардың әскери соттарының соттылығына жатуы. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жататын қылмыстық істер. Істі іс жүргізуге қабылдаған соттың қылмыстық істі соттылығы бойынша беруі. Қылмыстық істі соттылығына жататын соттан басқа сотқа беру.

Алдын ала тыңдауды жүргізудің негіздері мен тәртібі. Алдын ала тыңдауды өткізу. Аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тыңдаудың ерекшеліктері. Мәлімделген өтінішхаттар мен шағымдар бойынша мәселелерді шешу. Басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңды елеулі бұзушылықтар. Азаматтық талапты және мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары. Істі соттылығы бойынша жіберу. Қылмыстық істі тоқтату. Тараптарға қылмыстық іс материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Құжаттардың көшірмелерін табыс ету. Сот отырысына шақыртулар.

14-тақырып. Басты сот талқылауының жалпы шарттары

Басты сот талқылауы қылмыстық процестің орталық сатысы ретінде. Соттың әділ сот талқылауына және қылмыстық процестің міндеттерін шешуге бағытталған қызметі. Басты сот талқылауының жалпы шарттары жүйесі. Басты сот талқылауының жалпы шарттарының қылмыстық процестің принциптерімен арақатынасы. Басты сот талқылауының кезеңдері.

Басты сот талқылауының тікелей және ауызша болуы. Дәлелдемелік материалдарды қабылдау кезінде судьяларды бөгде әсерлерден қорғау. Сот талқылауының тікелей болуының мәні. Басты сот талқылауының тікелей болуы мен ауызша болуының өзара байланысы. Ауызша болуы судьяның дәлелдемелік материалдарды тікелей қабылдауын қамтамасыз ету ретінде.

Істі талқылау кезінде сот құрамының өзгермеуі. Запастағы судья. Сот құрамының өзгермеуі қылмыстық істің мән-жайларын тікелей зерттеуді қамтамасыз етудің міндетті шарты ретінде. Сот құрамының заңдылығының өлшемдері. Запастағы судьяның құқықтары мен міндеттері. Запастағы судьяға қарсылық білдіру.

Төрағалық етушінің басты сот талқылауына басшылық етуі және сот отырысында тәртіптемені сақтауы. Төрағалық етушінің істің әділ және бейтарап қаралуын қамтамасыз етуі. Сотты құрметтеу, төрағалық етушінің қаулылары мен өкімдеріне мүлтіксіз бағыну. Сот приставтары. Төрағалық етушінің тәртіпті бұзуға жол бермеудің және оның өкімдеріне бағынбаудың салдары туралы ескертуі. Сот отырысы залынан шығару және әкімшілік жаза қолдану.

Басты сот талқылауына сотталушының және оның заңды өкілінің қатысуы. Қорғаушының басты сот талқылауына қатысуы. Мемлекеттік айыптаушының басты сот талқылауына қатысуы. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің басты сот талқылауына қатысуы.

Басты сот талқылауының хаттамасы. Басты сот талқылауы хаттамасының нысаны. Басты сот талқылауы хаттамасының құрылымы мен мазмұны. Басты сот талқылауының хаттамасын дайындау тілі және мерзімдері. Басты сот талқылауы хаттамасының маңызы.

Басты сот талқылауының шектері. Сотталушы және айыптау шектері. Шектер көздеу нашарлату жағына қарай бет бұрысқа жол бермеудің және сотталушының қорғану құқығын қамтамасыз етудің кепілі ретінде. Қылмыстың бастапқыда тағылған айыптаудан елеулі түрде ерекшеленетін жаңа фактілік мән-жайлары.

Басты сот талқылауын кейінге қалдыру және қылмыстық істі тоқтата тұру. Қылмыстық істі кейінге қалдыру және тоқтата тұру негіздері.

Басты сот талқылауында істі тоқтату. Қылмыстық істі тоқтату үшін негіздер. Жеке айыптаушының немесе оның өкілінің сот отырысына келмеуі. Ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату шарттары.

Басты сот талқылауында қаулылар шығару тәртібі. Қаулылар шығару тәсілдері. Кеңесу бөлмесінде шығарылатын қаулылар. Кеңесу бөлмесіне кетпей шығарылатын қаулылар. Жеке қаулыларды шығару ерекшелігі.

Бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешу. Сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау, күшін жою немесе өзгерту. Іс сотқа келіп түскен күннен бастап үкім шығарылғанға дейін сотталушыны бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау мерзімі.

15-тақырып. Басты сот талқылауы

Басты сот талқылауының құрылымы. Дайындық бөлігі. Сот тергеуі. Сот жарыссөзі. Сотталушының соңғы сөзі. Соттың үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетуі. Соттың сот отырысы залына қайтып келуі және үкімді жариялау.

Басты сот талқылауының дайындық бөлігі. Аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, оған қарсылық білдіру туралы мәселені шешу. Сотталушының жеке басын және оған айыптау қорытындысының уақтылы тапсырылғанын анықтау. Сот құрамын және процестің өзге қатысушыларын жариялау, сотқа және процестің өзге қатысушыларына қарсылық білдіру мәселелерін шешу. Сотталушыға оның құқықтарын түсіндіру. Жәбірленушіге, жеке айыптаушыға, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге олардың құқықтарын түсіндіру. Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Тараптардың өтінішхаттарын мәлімдеу және шешу. Іске қатысушы адамдардың қайсыбірі болмаған жағдайда істі қарау мүмкіндігі туралы мәселені шешу.

Сот тергеуі. Сот тергеуінің басталуы. Сотталушының көзқарасын анықтау. Дәлелдемелерді ұсыну мен зерттеу тәртібі. Басты сот талқылауына қатысушы адамдардан жауап алу. Сотталушыдан жауап алу. Сотталушының айғақтарын жария ету. Жәбірленушіден, куәлардан жауап алу. Жәбірленуші мен куәның айғақтарын жария ету. Сот талқылауындағы сараптама. Сарапшыдан жауап алу. Заттай дәлелдемелерді қарау. Тергеу әрекеттерінің хаттамалары мен құжаттарды жария ету. Іс болған орынды және үй-жайды қарау. Тану үшін көрсету, куәландыру, айғақтарды тұрған жерінде тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу. Дәлелдемелерді зерттеуді шектеу. Сот тергеуінің аяқталуы. Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы.

Сот жарыссөзі. Сот жарыссөзінің мазмұны мен тәртібі. Сотталушының соңғы сөзі.

Үкім шығару. Сот үкімі. Үкімдердің түрлері. Үкімді жасау тәртібі. Айыптау және ақтау үкімдерінің құрылымы мен мазмұны. Үкімді жариялау. Соттың үкімді жариялағаннан кейінгі әрекеттері. Жеке қаулы. Соттың үкім шығарумен бір мезгілде шешетін мәселелері.

16-тақырып. Соттың үкімдері мен қаулыларын апелляциялық тәртіппен қайта

қарау

Заңды күшіне енбеген сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау сатысының мәні мен міндеттері. Апелляциялық іс жүргізу еркін шағымдану құқығын жүзеге асырудың процестік нысаны ретінде. Апелляциялық іс жүргізудің міндеттері.

Үкімдерге, қаулыларға апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру құқығы. Апелляциялық тәртіппен қаралуға жататын сот актілері. Заңды күшіне енбеген үкімдерге, қаулыларға апелляциялық (жекеше) шағымдарды, прокурордың өтінішхаттарын қарайтын соттар.

Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру тәртібі. Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру мерзімдері. Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру мерзімін қалпына келтіру тәртібі. Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру туралы хабарлама. Апелляциялық (жекеше) шағым берудің, прокурордың өтінішхатын келтірудің салдары

Бірінші сатыдағы соттың қаулысына шағым жасау, оны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау. Апелляциялық (жекеше) шағым, прокурордың өтінішхаты.

Апелляциялық шағымдар, прокурордың өтінішхаттары бойынша істерді қарау. Апелляциялық қараудың нысанасы. Істі апелляциялық сатыда қарау мерзімдері. Істі апелляциялық сатыда қараудың шектері. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын дайындау және тағайындау. Істі апелляциялық сатыда қарау тәртібі. Апелляциялық сатының өкілеттіктері.

Апелляциялық саты қабылдайтын шешімдер. Үкімнің күшін жою немесе оны өзгерту негіздері. Істі тоқтата отырып айыптау үкімінің күшін жою. Ақтау үкімінің күшін жою. Жаңа үкім шығара отырып, үкімнің күшін жою. Үкімді өзгерту. Апелляциялық үкімнің, қаулының мазмұны. Апелляциялық үкім, қаулы шығару және олардың заңды күшіне енуі. Апелляциялық сатыдағы соттың үкімін, қаулысын орындауға енгізу.

17-тақырып. Соттың шешімдерін орындау

Соттың шешімдерін орындаудың маңызы және оларды топтастыру. Сот шешімдерін орындау – тиімді қылмыстық сот ісін жүргізудің ажырамас элементі.

Қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау. Түбегейлі сот шешімдерін орындау – қылмыстық процестің қорытындылаушы сатысы. Бірінші сатыда қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау. Апелляциялық сатыда қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау. Кассациялық сатыда қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау.

Процедуралық сипаттағы сот шешімдерін орындау. Іс бойынша іс жүргізу аясында қабылданатын шешімдер. Қылмыстық істің қозғалысын және аралық міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін сот шешімдері. Аралық сот шешімдерінің нысандары. Жеке қаулы.

Түбегейлі сипатта емес, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуді көздейтін сот шешімдерін орындау. Бұлтартпау шараларын немесе процестік мәжбүрлеуді қолдану, өзгерту және күшін жою. Күзетпен ұстауға алынбаған адамды сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру. Әкімшілік жаза, оның ішінде ақша өндіріп алуды тағайындау.

Қылмыстық қудалау органдарының (олардың ішінде – прокурордың) шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) келтірілген шағымдарды қарау нәтижелері бойынша шығарылған сот шешімдерін орындау. Заңсыз деп танылған процестік шешімнің күшін жою. Сәйкес лауазымды адамның іс-әрекетін (әрекетсіздігін) заңсыз немесе негізсіз деп тану және жол берілген құқық бұзушылықты жою туралы шешім. Прокурорға азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін жол берілген бұзуды жою міндетін жүктеу. Шағымды қанағаттандырусыз қалдыру.

Үкімді орындаумен байланысты мәселелер бойынша сот шешімдерін орындау.

Үкімді орындау кезінде туындаған қандай да болсын күмән мен түсініксіздікті ұғындыру. Сотталған адамның қайтыс болуына байланысты іс жүргізуді қысқарту. Сотталғандықты алу.

18-тақырып. Сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кассациялық тәртіппен қайта қарауы

Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қараудың мәні және маңызы. Кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін сот актілері. Заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын кассациялық тәртіппен қайта қарау негіздері.

Заңды күшіне енген сот актілеріне өтінішхат беруге, наразылық келтіруге құқығы бар адамдар. Заңды күшіне енген сот актілеріне кассациялық тәртіппен шағым жасау мерзімдері. Заңды күшіне енген сот үкімін, қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық беру тәртібі. Өтінішхаттарды, наразылықты қарамай қайтару.

Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты алдын ала қарау. Өтінішхатты алдын ала қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер.

Кассациялық сатыдағы сот отырысын тағайындау. Соттың үкімін, қаулысын орындауды тоқтата тұру. Істі кассациялық сатыда қараудың тәртібі. Кассациялық сатыдағы соттың шешімдері. Қорғаушының кассациялық сатыдағы сотқа міндетті түрде қатысуының негіздері. Кассациялық сатыдағы сот қаулысының мазмұны.

Істі соттың үкімі мен қаулысының күші жойылғаннан кейін қарау. Істі жаңадан қарау кезінде шығарған сот үкімін және қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық келтіру.

Қазақстан Республикасында дербес кассация енгізе отырып, сот жүйесін реформалау. Қылмыстық істер бойынша дербес кассация.

19-тақырып. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау

Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың түсінігі, мәні және міндеттері. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау қылмыстық процестің дербес сатысы ретінде. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың сот үкімдерінің заңдылығы мен негізділігінің кепілдіктері жүйесіндегі орны. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың мақсаттары мен міндеттері. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау – заңды күшіне енген сот шешімін қайта қараудың айрықша құқыққорғаушылық нысаны.

Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың негіздері. Іс жүргізуді қайта бастау мерзімдері.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қозғау тәртібі. Прокурордың тексеру немесе тергеп-тексеру аяқталғаннан кейінгі әрекеттері. Соттың іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау туралы өтінішхаттарды қарау тәртібі.

Сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатты қарау қорытындысы бойынша шығарылған соттың қаулысы. Прокурордың сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатын қарау қорытындысы бойынша шығарылған сот қаулысы. Сот қаулысын қайта қарау және сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу. Істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау кезіндегі азаматтық талап қою.

20-тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізудің жіктелген нысандары

Процестік нысанның біртұтастығы және жіктелуі проблемасы.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу ерекшеліктері. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-

тексерудің хаттамалық нысаны. Хаттама жасау тәртібі. Хаттаманы сотқа жіберу тәртібі. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істі сотта қараудың тәртібі мен мерзімдері.

Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу тәртібі. Жеке айыптауды қозғау. Жеке айыптау ісі бойынша судьяның сот талқылауы басталғанға дейінгі әрекеттері. Тараптардың бастамасы бойынша дәлелдемелерді ұсыну және жинау. Жеке айыптау ісін сот отырысында қарау. Жеке айыптау ісі бойынша сот шешімі. Жеке айыптау бойынша іс жүргізуді тоқтату.

Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізудің бастапқы сәтін анықтау проблемасы. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізіліп жатқан адамның құқықтық мәртебесі.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу. Алдын ала тергеудің міндеттілігі. Дәлелдеуге жататын қосымша мән-жайлар. Кәмелетке толмаған адамның және қорғаушының заңды өкілдерінің қылмыстық сот ісін жүргізуге міндетті түрде қатысуы. Сот талқылауын жабық сот отырысында өткізу туралы мәселе. Кәмелетке толмаған сотталушыны оған теріс әсер етуі мүмкін мән-жайларды зерттеу уақытында сот отырысы залынан шығару.

Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру принципінің және лауазымды адамдардың тәуелсіздігінің ерекше кепілдіктерінің арақатынасы.

Қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасудың шарты. Ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу проблемалары. Келісімдік іс жүргізуді қолдану үшін негіздер. Қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау проблемалары.

Бұйрықтық іс жүргізуді іске асыру мәселелері. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану негіздері. Бұйрықтық іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімі. Бұйрықтық іс жүргізудегі сот талқылауының практикасы. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған айыптау үкімінің құрылымы мен мазмұны.

Алқабилер қатысатын істер бойынша іс жүргізудің жалпы сипаттамасы. Тараптардың жарыспалылығы принципі және алқабилердің қатысуымен іс жүргізу. Алқабидің тәуелсіздігі. Істердің алқабилер қатысатын сотқа соттылығы. Алқабилер қатысатын соттың соттылығына жататын істердің санатын кеңейту үрдісі. Алқабилер қатысатын сот құрамы. Соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат. Алқабилер қатысатын сот қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері. Алқабилер қатысатын соттың істі талқылау ерекшеліктері. Алқабилер қатысатын соттың құзыреті. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтардың мазмұны. Алқабилер қатысатын сот қабылдайтын шешімдердің түрлері.

Ұсыналатын әдебиеттер:

Нормативтік әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>
4. «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы ҚР Конституциялық заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>

5. «Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000121>
6. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000072>
7. «Сот-сараптама қызметі туралы» 2017 жылғы 10 ақпандағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000044>
8. «Жедел-іздігіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940004000>
9. «Сот приставтары туралы» 1997 жылғы 7 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000150>
10. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000176>
11. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000353>
12. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>
13. «Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Бас прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 2 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016268>
14. «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V14W0009744>
15. «Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 4 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P10000004S>
16. «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді реттейтін заңнаманы соттардың қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 23 тамыздағы № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/T1200000004>
17. «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000004S>
18. «Қылмыстық істерді апелляциялық тәртіппен қарау тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000013S>
19. «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P200000001S>
20. «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000005S>
21. «Сот үкімі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P180000004S>
22. «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000004S>
23. «Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P050000001S>
24. «Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас

бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000007S>

25. «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P120000003S>

26. «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P04000016S>

27. «Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 17 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P180000017S>

28. «Жекеше айыптау істері бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000013S>

29. «Соттардың қылмыстық істерді қысқартылған тәртіппен қарауы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы № 17 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P04000017S>

30. «Соттардың қылмыстық істер бойынша жекеше қаулылар шығару тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000011S>

31. «Қылмыстық істерді кассациялық тәртіппен қарауды регламенттейтін заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 10 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000002S>

32. «Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық процестік заңнаманы қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 26 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P02000026S>

33. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P99000008S>

34. «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P99000007S>

35. «Сот төрелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000001S>

36. «Қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 24 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000002S>

37. «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 25 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000025S>

38. «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 10 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000010S>

39. «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000013S>

40. «Қылмыстық істер жөніндегі сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар

бойынша қайта қараудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 9 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000009S>

41. «Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 10 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000010S>

42. «Соттардың салық заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 10 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000009S>

Оқу әдебиеті:

1. Асанов Ж.К., Жукенов А.Т., Кенжегарин А.К., Стыбаев А.С., Матаев Ж.С. Рекомендации по составлению приговоров по уголовным делам в новом формате и их разъяснению: Практическое пособие. - Нур-Султан. 2020. – 175 с.

2. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан 2014 года. - Алматы: Жеті Жарғы, 2020. В 2-х т. Том 1 - 752 с.; Том 2 - 1016 с. (Издание третье).

3. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела. /Под ред. М.Ч. Когамова и А.А. Касимова. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013. – 1016 с.

4. Ахпанов А.Н., Амиргалиев А.А. Функции судебного контроля над досудебным уголовным производством в Республике Казахстан: Монография.- Караганда, 2016. – 166 с.

5. Толеубекова Б.Х. Қазақстан Республикасындағы қылмыстық процесс: Жалпы бөлім: Оқу-әдістемелік құралы - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2015, 182 с.

6. Толеубекова Б.Х. Қазақстан Республикасындағы қылмыстық процесс: Ерекше бөлім: Оқу-әдістемелік құралы - Алматы: КазНПУ им.Абая, 2015. - 186 с.

7. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: курс лекций: учебно-методическое пособие. - Алматы: Жеті Жарғы, 2016. - 384 с. (на русском и казахском языках).

8. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции: Учебное пособие / Н.А. Абдиканов, А.В. Зенковский. - Алматы: Норма-К, 2012. - 128 с.

9. Уголовный процесс: Учебник. / А.В.Смирнов, К.Б.Калиновский; под общ. ред. А.В.Смирнова. Вступит. статья В.Д. Зорькина. 8-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2020. 784 с.

10. Егорова Е.В. Доказательства и доказывание в судебной практике по уголовным делам: Практическое пособие /Е.В. Егорова, Д.А. Бурыка. - 3-е изд. - Москва: Издательство Юрайт, 2020. - 315 с. <https://urait.ru/bcode/454552>

5-БӨЛІМ. «Әкімшілік-деликтік заңнаманы қолдану практикасы»

Мазмұны

- 1-тақырып. Әкімшілік-деликтік заңнама: қолдану ерекшеліктері
- 2-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеттері және қағидаттары
- 3-тақырып. Әкімшілік жауаптылық: құқыққолдану практикасының өзекті мәселелері
- 4-тақырып. Әкімшілік жаза мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары және тәрбиелік ықпал ету шаралары
- 5-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының кейбір элементтеріне сипаттама, саралау алгоритмі
- 6-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамын саралау: практика сұрақтары
- 7-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу
- 8-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылардың мәртебесін бекіту мәселелері
- 9-тақырып. Дәлелдемелер және дәлелдеу
- 10-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану ерекшеліктері
- 11-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер: қозғау сұрақтары
- 12-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау практикасы
- 13-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды қайта қарау: практика сұрақтары
- 14-тақырып. Әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулыларды орындау: мәселелі сұрақтар

1-тақырып. Әкімшілік-деликтік заңнама: қолдану ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы әкімшілік-деликтік құқығы әкімшілік құқықтың тәуелді құқық саласы және ғылым ретінде. Әкімшілік-деликтік құқықтың нормаларын іске асыру. Әкімшілік-деликтік заңнама реттейтін маңызды қоғамдық қатынастар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібін айқындайтын заңнама. Әкімшілік-деликтік құқықтың институттары. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері.

2-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеттері және қағидаттары

